

Газизова Н.С.,
Толысбаева А.Д., Башаева Н.Д.

**Құқықтық білім беру –
құқықтық мемлекет талабы**

Автор мақалада құқықтық білім беру – құқықтық мемлекет талабы жайлы қарастырған. Құқықтық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі – мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

Түйін сөздер: құқық, білім, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, заң.

Gazizova N.S.,
Tolysbaeva A.D., Bashaeva N.D.

**Features of the teaching of law –
legal state requirements**

In this article the author reviewed the features of the teaching of law – the requirement of law. In the field of education in the curriculum it occupies a special place right. In demokrtricheskom society youth aspiring to pravovovmu obrozovanie is the driving force, and its foundation is the knowledge of their rights and responsibilities. Appropriately, teaching youth legal education and instilling them the legal culture is one of the most important strategic directions.

Key words: law, education, rule of law, legal culture, law.

Газизова Н.С.,
Толысбаева А.Д., Башаева Н.Д.

**Особенности преподавания
права – требования правового
государства**

В данной статье автор рассмотрел особенности преподавания права – требования правового государства. В сфере образования в учебных программах особое место занимает право. В демократическом обществе молодежь, стремящаяся к правовому образованию, является движущей силой, а его основой является знание своих прав и обязанностей. Соответственно, преподавание молодежи правового образования и прививание им правовой культуры является одним из важных стратегических направлений.

Ключевые слова: право, образование, правовое государство, правовая культура, закон.

ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы, бүкіл әлем қауымдастығы мойындап отырған демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, ал оның ең қымбат қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Құқықтық мемлекет ретінде еліміз құқықтық сауаттылық мәселесін басты орынға қойды. 1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылданды. Қаулыда құқықтық оқуды мектептерде бастауыш сыныптардан бастап неғұрлым кең көлемде енгізу қажеттігі атап көрсетілді [6]. Бұдан шығатын тұжырым не? Ол тәуелсіздік тұғырына көтерілген Қазақстанның алдында білім беру саласында жаңа қажеттіліктердің пайда болуы. Ғылым мен техниканың тез даму қарқыны, өндіріске шетелдік және отандық озық, жаңа технологиялар мен әдістердің енуі, қоғамның жаңа экономикалық қатынастарға көшуі республикамыздың білім беру саласында жүргізіп жатқан реформалық өзгерістерді жетілдіруді, білім сапасын арттыруды талап етеді.

Құқықтық мемлекет – ұзақ тарихи дамудың жемісі. Ол үрдіс күрделі, қиын, әрі сан-салалы, мол қаржыны, жалпы мемлекеттік деңгейдегі ұйымдық-құрылымдық шараларды, бүкіл педагогтар, зиялылар қауымының қажыр-қайратын, рухани ізденістерін қажет етеді. Демек ел, ұрпақ тағдыры үшін маңызы мен жауапкершілігі айрықша білім беру ісіне барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың бетбұрысы, қамқорлығы керек.

Кез келген адам өзі өмір сүрген ортада қоғамның бір мүшесі болып саналады, керісінше мемлекет өзінің әр азаматына баса назар аударуымен ерекшеленеді. Әрбір азамат өзінің әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын пайдалана білуі керек, бірақ оны жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуда, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Көптеген адамдар санасында құқық ұғымы жазалау, құқық бұзылуының ұғымдарымен байланысты түсіндіріледі. Бірақ құқық әділеттілік, теңдік, ізгілік және қоғамға негізделген тәртіп ережелері екенін естен шығармауымыз керек.

Құқықтық мемлекеттің әрбір азаматы құқықтық мәдениетті болуы керек. Ал, құқықтық мәдениет дегеніміз не? Қарапайым тұрғыда құқықтық мәдениет дегеніміз азаматтардың құқықтары

мен міндеттерін білуі ғана емес, сонымен қатар оны өз еркімен жүзеге асыра алу қабілеттілігі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс.

Біз, егеменді елді құру барысындағы аз ғана уақыт ішінде құқықтық білім беру саласында біршама игі істерді атқарғанымызбен, әлі де атқарылар істер жетерлік. Сол істердің бірі құқықтық мәдениетті тұлғаларды даярлау. Бұл жерде ұлы педагог А.С.Макаренконың: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн сияқты.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту – еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек, өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік-құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуда үрдіске айналдыруды, салалық мекемелермен, отбасымен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуды және қажырлы еңбекті қажет етеді. Аталмыш салада еліміздің жоғары оқу орындарының, отандық заңгерлердің де рөлі ерекше болуы шарт.

Елбасымыздың «Қазақстан-2030» жолдауының, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасының бағыттардың бірі – жоғарғы құқықтық сана мен құқықтық мәдениет [1,2]. Құқықтық білім берудің маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде. Заңды білу – заман талабына айналды. Әр азаматқа қазіргі қоғамдағы қарым-қатынас заңдылықтарын терең ажырататын құқықтық сана, құқықтық мәдениет қажет. Осы екі элементтің іргетасы азаматтарда алдымен отбасында қаланса, содан кейін мектеп қабырғасында жалғасады.

Құқықтық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, аталмыш пәнге бөлінетін сағат сандары аз. Екіншіден, құқық пәні ҰБТ пәндеріне енбейді. Біздің пайымдауымызша, құқықтық мемлекет жағдайында өмір сүріп отырған әрбір азамат құқықтық сауатты болуы қажет. Бұл салада мектептегі білім аздық етеді. Осыған қарамастан құқық пәнінің мамандары факультатив, арнайы курстар есебінен білім бе-

руге машықтануда. Орта білім беру мекемелерінің барлығында құқықтық білім беру төменгі сыныптардан басталмайды. Ішінара мектептер «Азаматтық білімге кіріспе», «Құқықтану» т.б. пәндерді енгізген. Әрине, құқықтық білімге көңіл бөлінген мектептердің осы саладағы білімдері басқаларға қарағанда алдыңғы қатарда тұр. Республикамыздың көптеген мектептерінде құқықты оқыту орта және бастауыш буындарда базистік оқу жоспарларының қосымша сағаттары есебінен жүргізілуде. Жүйелі құқықтық курстардың болмауы өмірде болып жатқан өзгерістерге тұтас көзқарасты толық дәрежеде қалыптастыруға, құқықтық салдардың мәнін түсінуге мүмкіндік бермейді. Негізгі талаптардың, типтік бағдарламалар мен оқулықтардың болмауы жұмыстың алға басуына кері әсерін тигізуде. Сондықтан орта білім беру жүйесіне енуде аталмыш мәселе өзіндік орнын табу керек деп ойлаймын [8].

Кейінгі кездері мамандардың білім деңгейінің төмендігі туралы да пікірлер айтылуда. Құқық пәнін бастауыш сыныптан бастап жүйелі түрде 11 сыныпқа дейін оқытып, заңгер мамандығын таңдаған талапкерлер үшін ҰБТ пәндерінің қатарына бейіндік пән ретінде енгізетін болсақ, болашақ заңгерлердің білім деңгейлерінің артуына мүмкіндік туар ма еді. Жоғары оқу орындарында «Құқық және экономика негіздері» мамандығы болашақ құқық пәні мұғалімдерін даярлап жатқандықтан, пәнді оқытатын мұғалімдерге қатысты мәселе туындай қояды деп ойламаймыз. Аталмыш саладағы мамандардың ойлары да осыған келіп саяды. Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Ағыбаев: «Конституциямызды дамытуға, заңдардың орындалуына әр азамат үлес қосуы тиіс. Біз құқықтық мемлекет орнатып жатқан елміз. Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқықтық білімі, сауаты мен мәдениеті жоғары болуы қажет. Ол үшін Парламент «Құқықтық білім беру» туралы заң қабылдау керек. Халыққа насихаттайтын жолдарды үйрету қажет. Оны насихаттау мәселесі әлі дұрыс жолға қойылған жоқ. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарынан байқап жүрміз, қарапайым мәселелерді халық білмейді, түсінбейді. Ал құқықтық мемлекеттің міндеті – сауатын жоғары деңгейге көтеруге», – дейді [15]. Бұл жөнінде Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кезде менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды? деп ойлау керек», – деп еді.

Құқықтық ағарту немесе құқықтық білім қалыптастыру – заң ережелерін білу, оны насихаттап, күнделікті тұрмыста ұстана алатын дәрежеге жеткізу. Бұл іргелі білім қалыптастыру, оны жүйелі түрде жүзеге асыру, оқушылардың алған білімінің күнделікті тұрмыс талаптарына сәйкестігі мен адамгершілік нормаларына сабақтастығы оның негізділігінің белгісі ретінде қарастырылады. Барлық орта білім беру мекемелерінде құқық пәнінің жүйелі оқытылуы, оқушылардың құқықтық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталуы, оларда құқықтық сана қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жастар және балалармен жұмыс істейтін мамандықтардың барлығында құқықтық әлеуметтендіру жұмыстарына даярлық осы құқықтық мәдениет қалыптастыру аясында болуы керек. Жастардың құқықтық білімі, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтық дамуының сипаты мен дәрежесін көрсетеді. Жастардың құқықтық білімін көтеру үшін теориялық-әдіснамалық негіздемелерін анықтау өте қажет. Қазіргі кезеңде құқықтық білім беруде дамыған елдердің жетістіктері мен өз еліміздің тарихи құндылықтарын біріктірудің маңызы өте зор.

Қазіргі кезеңдегі құқықтық білім беруде құқықтық тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттігі туындайды. Бұл салада әр категория халықтарының білім берудегі, кәсіби және жас аралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Құқықтық білім берудің бұрынғы концепциясы негізінде жаңа қоғамдық өмірге лайықталған концепциясын құрастыру қажет.

Түбінде құқықтық мемлекет құруды мақсат ететін әрбір мемлекет азаматтарына құқықты оқытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс, оқыту бағдарламаларын кеңейтуге, құқықты оқытуға бөлінетін сағат саны мен құқықтық әдебиеттерді көбейтуге, құқықтық тәжірибені дамытуға мүдделі болуы керек. Балаларға мектеп жасынан қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауға, өзгелердің ар-ожданын құрметтеуге үйрету арқылы құқықтық білім беру керек.

Жалпы педагогикалық теориямен бекітілген жастарға құқықтық білім берудің негізгі мақсаты заңды құрметтеуді қалыптастыру және өмірлік практикада белсенді пайдалана білу. Бұл білім міндеттерден тұрады: қол жетерлік (жас ерекше-

ліктеріне байланысты), жүйелілік, практикалық маңыздылығы құқықтық білім беруде екіге бөлінеді:

1. Жалпы азаматтық құқықтық білімдерді меңгерту;

2. Кәсіби қызметіне байланысты құқықтарды меңгерту;

Біріншісі – жалпы білім беретін орта мектептерде шешілсе, екіншісі – кәсіби-техникалық, арнайы орта және жоғары оқу орындарында [4, 5].

Құқықтық білім берудегі міндеттерді шешуде орта және жоғары мектептерде жастарға құқықтық білім беру және тәрбиелеу мәселелері құқық пәндері бойынша ғылыми өңделген, жан-жақты теориялық базасы жағынан жабдықталған және әдістемелік білім беру жағынан қамтылғаны қажет. Міне ғалымдардың, құқық пәні мұғалімдерінің көзқарастары осыған келіп саяды [7-14]. Әйгілі Перикл де мемлекетті басқару жүйесін жетілдіруде құқықтың алатын орнын айрықша атаған. Сондай-ақ, Аристотель адамдардың құқықтық жағдайларын жақсарту мақсатында азаматтық қоғам құру – құқықтық мемлекеттің негізгі нысаны екендігіне өзіндік бағдар береді.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында: «...Оқушыларға қазірдің өзінде қажетті инновациялық курстар жоқ. Мысалы, өте көкейкесті болып табылатын «Қазақстан құқығы» (оның болмауы жастардың құқықтық нигилизмі мен сауатсыздығына соқтырады), «Өлкетану» (туған жерге махаббат отаншылдықтың негізі ғой), жеке табысқа жетудің, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің әдістемесі сынды «Акмеология» сияқты пәндер қайда? Олардың жоқтығы жастардың едәуір бөлігінің әлеуметтік инфантилизміне, ересек өмірге бейімделе алмауына, басқа да келеңсіздіктерге ұрындырады...» демеп пе еді [3].

Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі – мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы). – Алматы, 1998.
- 2 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
- 3 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. //Егемен Қазақстан. 2012 ж. 10 шілде.
- 4 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 26 желтоқсан, 2003 ж.
- 5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 11 қазан, 2004 ж.
- 6 Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей міндетті құқықты оқытуды ұйымдастырудың шаралары» Қаулысы 21 маусым – 1995 ж.
- 7 Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Жиренчин К.А. Концепция гражданского и правового образования в средних школах Республики Казахстан // Жалпы тарих және құқықтану мектепте. №2-3/2004. – Б. 37-42.
- 8 Газизова Н. Құқық негіздері қалай оқытылуда? // Қазақ тарихы. – 2002. – №3. – Б. 69-71.
- 9 Құнапина Қ. Құқық пәнін оқытуда қойылатын талаптар. //Қазақстан тарихы, №8, 2005. – Б.12.
- 10 Жұрынбаев Е. Жастар және құқықтық тәрбиенің маңызы //Ақиқат. – №7/2006. – Б. 64-66.
- 11 Жарықбаева Д. Құқықтық тәрбиенің қоғамдағы рөлі мен маңызы //Бастауыш мектеп.– №7/2007. – Б. 21-23.
- 12 Кәкім М. Заңды білу -заман талабы. //Қазақ тарихы. – №2/2004. – Б. 150-155.
- 13 Ғалы Ж. О. Құқықтың және қазіргі кездегі ұлттық заңнаманың көкейкесті мәселелері = Актуальные проблемы права и современного национального законодательства: Мат. Респ. научно-практ. конф., посв. 10-ю Уголовного и УПК РК (21-22 сент.) – Караганды, 2007. – С. 286-288.
- 14 Төлегенова Б. Жастарға құқықтық тәрбие беру- жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі. // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. – 2008. – №11 – Б. 76-80.
- 15 <http://today.kz/news/azastan/2013-08-30/415101-44430-2>.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. «Kazakstan – 2030» (El Prezidentinin Kazakstan halkyna Zholdauy). – Almaty, 1998.
- 2 KR Prezidentinin «Kazakstan-2050» strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajası bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdauy
- 3 N.A. Nazarbaev. Kazakstannyn aleumettik zhangyrtılyuy: Zhalpyga Ortak Enbek Koramyna karaj 20 kadam. //Egemen Kazakstan. 2012 zh. 10 shilde.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylyra dejingi bilim berudi damytu tuzhyrymdamasy. – Astana, 26 zheltoksan, 2003zh.
- 5 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2005-2010 zhyldarga arналған Memlekettik baғdarlamasy. – Astana. 11 kazan, 2004 zh.
- 6 Kazakstan Respublikasynyn «Zhalpyga birdej mindetti kutykty okytudy ujymdastyrudyn sharalary» Kaulysy 21mausym – 1995 zh.
- 7 Muhtarova A.K., Buluktaev Ju.O., Zhirenchin K.A. Konceptija grazhdanskogo i pravovogo obrazovanija v srednih shkolah Respubliki Kazahstan // Zhalpy tarih zhane kutyktanu mektepte. №2-3/2004. – B. 37-42.
- 8 Gazizova N. Kutyk negizderi kalaj okytyluda? // Kazak tarihy. – 2002. – №3. – B. 69-71.
- 9 Kunapina K. Kutyk pәnin okytuda kojylatyn talaptar. //Kazakstan tarihy, №8, 2005. – B. 12.
- 10 Zhuryubaev E. Zhastar zhәne kutyktyk tәrbienin manyzy //Akikat. – №7/2006. – B. 64-66.
- 11 Zharykbaeva D. Kutyktyk tәrbienin koramday roli men manyzy //Bastauysh mektep.– №7/2007. – B. 21-23.
- 12 Kәkim M. Zandy bilu -zaman talaby. //Kazak tarihy. – №2/2004. – B. 150-155.
- 13 Faly Zh.O. Kutyktny zhane kazirgi kezdegi ulttyk zannamanyн kәjekkesti mәseleleri = Aktual'nye problemy prava i sovremennogo nacional'nogo zakonodatel'stva: Mat. Resp. nauchno-prakt. konf., posv. 10-ju Ugolovnogo i UPK RK (21-22 sent.) – Karagandy. – 2007. – S. 286-288.
- 14 Tolegenova B. Zhastarga kutyktyk tәrbie beru- zhana kazakstandyk azamat kalyptastyrudyn alry sharttarynyn biri. // Kazakstan tarihy. Adistemelik zhurnal. – 2008. – №11 – B. 76-80.
- 15 <http://today.kz/news/azastan/2013-08-30/415101-44430-2>.